

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**  
**Тарих факультеті**  
**Археология, этнология және музеология кафедрасы**

**«Әлеуметтік-мәдени антропологияның теория-методологиялық мәселелері» пәні бойынша қорытынды емтихан бағдарламасы және әдістемелік ұсыныстары**

**«7М02220 – Этнология және антропология» білім беру бағдарламасы**

Құрастырушы:

Баудиярова Қ.Б. Археология, этнология және  
музеология кафедрасының аға оқытушысы,  
тарих ғылымдарының кандидаты  

---

(дайындалған - А.Ж.Т., лауазымы, дәрежесі  
және атағы)

«Әлеуметтік-мәдени антропологияның теория-методологиялық мәселелері»  
пәні бойынша қорытынды емтихан жүргізу бағдарламасы және әдістемелік  
ұсыныстары кафедра мәжілісінде қаралып, ұсынылды  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 2025 ж., хаттама

## Кіріспе

Магистранттар «Әлеуметтік-мәдени антропологияның теория-методологиялық мәселелері» пәні бойынша емтиханды жазбаша-офлайн форматта тапсырады.

Бағдарлама «Универ» жүйесіне жүктелді.

*I. Қорытынды емтихан бағдарламасын өткізу тәртібі:*

1. Емтихан жазбаша түрінде өткізіледі.
2. Емтиханның өтуін қадағалу бақылау камералар, оқытушылардың кезекшілігі арқылы жүзеге асады.
3. Емтихан сұрақтары «Универ» жүйесіне үш блокқа бөлу арқылы енгізіледі.

*II. Қорытынды емтихан бағдарламасының регламенті:*

1. Емтихан кесте бойынша өткізіледі.
2. Емтихан тапсыру ережесіне сай, магистрант емтиханға 30 минут қалғанда аудиторияда болуы керек.
3. Емтихан қабылдау ұзақтығы 2 сағат.

*III. Қорытынды емтихан бағдарламасының ережелері:*

1. Емтихан барысында магистранттар ұялы телефон, оқулықтар, дәптер, құлаққап және т.б. бөгде заттарды ұстауға, өзімен бірге алып кіруге тыйым салынады. Сонымен қатар басқа магистранттар сөйлесуге, артық қимыл жасауға, артына қарауға болмайды. Емтихан барысын бейне бақылау арқылы мониторинг тобы бақылап отырады. Аталған ережелерді бұзу фактісі анықталса, студент емтиханнан шығарылады.

*IV. Қорытынды емтихан бағдарламасының нәтижелері:*

1. Магистранттар жазбаша жұмыстарын пән оқытушысы тексеріп, баллдарды «Универ» жүйесіне еңгізеді.
2. Оқытушы барлық студенттердің баллдарын мұқият тексеріп, емтихан тізімдемесін «Универ» жүйесінде сақтайды.
3. «Универ» жүйесіндегі қорытынды тізімдемеге магистранттардың баллдары 48 сағаттың ішінде қойылуы тиіс.
4. Емтихан нәтижелері бақылау камералардың нәтижелері негізінде қайта қаралуы мүмкін.
5. Егер магистрант емтихан тапсыру ережесін бұзса, магистранттардың емтихан нәтижелері жойылады.

Қорытынды емтихан 15 аптада алған білімнің нәтижесі ретінде жазбаша түрде жүргізіледі. Төмендегі тақырыптар бойынша тапсырмалар беріледі:

1. Пәннің теориялық –методологиялық мәселелері
2. Әлеуметтік-гуманитарлық ілімдер жүйесіндегі әлеуметтік-мәдени антропологияның орны
3. Халықтардың әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерін зерттеуде антропологиялық тәсілдің қалыптасу тарихы
4. Әлеуметтік-мәдени антропологиядағы зерттеу әдістері
5. Әлеуметтік және мәдени антропологияда ғылыми-зерттеу

- үдерісін ұйымдастыру формалары
6. Әлеуметтік-мәдени антропологиядағы «классикалық» ғылыми мектептер
  7. Мәдениет теориясы жөніндегі концепциялар
  8. Әлеуметтік ұйымның этникалық формалары.
  9. Әлеуметтік-мәдени антропологиядағы қазіргі ғылыми мектептер мен бағыттар
  10. Мәдениеттегі әлеуметтану тұрғыдан түсіну, оның қоғамдағы маңызы мен мазмұны
  11. Этникалық бірегейлік
  12. Мәдениаралық коммуникация
  13. Антропология тарихы мен теориясы пәні
  14. Этномәдени зерттеулер және мәдениеттану.
  15. Дін антропологиялық зерттеудегі пән ретінде

Емтихан тапсыру кезінде магистранттар қабілетті болуы тиіс:

- әлеуметтік-мәдени антропологиядағы «классикалық» ғылыми мектептердің концепцияларын білу;
- әлеуметтік-гуманитарлық ілімдер жүйесіндегі әлеуметтік-мәдени антропологияның орны мен зерттеу әдістерін талдай білу;
- әлеуметтік және мәдени антропологияда ғылыми-зерттеу үдерісін ұйымдастыру формаларын зерделеу.

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. Евсеев, В. А. Этнология и социальная антропология: учебное пособие для вузов / В. А. Евсеев. — 2-е изд., испр. и доп. — Москва: Издательство Юрайт, 2021. — 241 с. — Образовательная платформа Юрайт. URL: <https://urait.ru/bcode/476150>
3. Лурье С.В. Тарихи этнология. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы», 2020ж. – 500 б.
5. Титова Т.А., Этнология [Электронный ресурс] / Титова Т.А., Козлов В.Е., Фролова Е.В., Мухаметзарипов И.А. Казань: Издательство Казанского университета, 2017. - 404 с.
6. Культурная (социальная) антропология: Учебное пособие для вузов
7. Бажуков, В. И. Социальная и культурная антропология : учебник и практикум для вузов / В. И. Бажуков. — Москва : Издательство Юрайт, 2024. — 357 с.
8. Орлова Э.А. Культурная (социальная) антропология: Учебное пособие для вузов. М., «Академический Проект», 2020. 480с.

#### **Қосымша:**

1. Арутюнов, С.А. Культурная антропология / С.А. Арутюнов, С.И.
2. Рыжакова. – Москва : Директ-Медиа, 2014. - 217 с. –
3. Бернад А. Социальная антропология: исследуя социальную жизнь людей/ А. Бернад. –М., 2009. -244с.;
4. Қалшабаева Б.К. Теориялық этнология. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 236 б.

**ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ**  
**ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ**  
**«Әлеуметтік антропологияның теория-методологиялық мәселелері»**

Критерий/ балл	ДЕСКРИПТОРЛАР				
	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
	90–100% (27-30 балл)	70–89% (21-26 балл)	50–69% (15-20 балл)	25–49% (8-14 балл)	0–24% (0-7 балл)
<b>Курстың теориясы мен тұжырымда масын білу және түсіну</b>	"Өте жақсы" деген баға дәстүрлі мәдениет пен модернизацияның теориялық-методологиялық мәселелерін білу, мәселе жөніндегі шетелдік, отандық зерттеушілердің еңбектерін талдауды меңгеру, қоғамдық сананың жаңғыруы мәдениетке тигізетін ықпалын саралау, аудиторияда өткен сабақты толық меңгеріп, терең ғылыми тұжырым жасап, үш сұраққа толық жауап жазу.	"Жақсы" деген баға барлық жауап толық, бірақ кейбір мәселелер мәселен дәстүрлі мәдениеттің қоғамдық сананың қалыптасуындағы ролі мен орнын талдай алмаса, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінде қате жіберілген жағдайда; Жауапта стилистикалық қателіктердің болуы, терминдердің дұрыс қолданылмауы мүмкін болса.	"Қанағаттанарлық" деген баға билетте ұсынылған сұрақтардың толық емес, сипаттама түрінде берілген жауап үшін қойылады, негізгі ерекшеліктерді, үстіртін дәлелдейді, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінің бұзылуына жол береді, сұрақтардың мазмұнын ашпайды.	Қойылған сұрақтарға дұрыс жауап жазбай, қате дәлелдеу, дұрыс емес қорытынды жасау.	Негізгі ұғымдарды, теорияларды білмеу. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.
<b>Тандалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдану</b>	Дәстүрлі мәдениет пен модернизацияға қатысты сұрақтарды толық орындау, қойылған сұрақтардың мазмұнын ашу, курстың практикалық мәселелерін шешу.	Оқу тапсырмасын ішінара орындау, курстың практикалық міндеттерін толық аша алмау, ғылыми тұжырымдарды дұрыс жеткізе алмау.	Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер беріледі. практикалық Ұсынымдар маңыздылау емес, мұқият талдауға негізделмеген және таяз. Дәлелдер	Тапсырманы шешудің ұтымсыз әдісі қолданылған, сұрақтар жалпылама жазылған, зерттеулерді аз немесе мүлдем қолданбаған, нормадан	Сұрақпен жауаптың мазмұны сәйкес келмейді. Практикалық ұсынымдар мүлдем жоқ немесе өте төмен сапада. Қорытынды

			үстіртін қолданылады.	асатын қателіктер мен кемшіліктер бар.	ы бақылау жүргізу қағидалары н бұзу.
<b>Тандалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, алынған нәтиженің негіздемесі</b>	Оқу тапсырмасын толық орындап, қойылған сұраққа жан-жақты, дәлелді жауап беру, курстың практикалық мәселелерін шешу. Этнологияның теориялық тұжырымдарын қолдана білу қоғамдық сананың қалыптасуындағы ролі мен орны, ғылыми тұжырымдар жасау.	Тұжырымдамалық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдардағы кішігірім қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жалпы деңгейіне әсер етпейді.	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер, сондай-ақ практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлсіздіктердің болуы.	Тапсырма ерескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымда малық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылған.	Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары пайдаланылмады. Қорытынды бақылау жүргізу қағидалары н бұзу.

